

**ІҚАА-ның «Қазақстандық жоғары оқу орындарының жаңа білім беру жағдайларына
бейімделуі: сын-қатерлер мен перспективалар» атты 2024 жылғы тақырыптық
талдауына
ПІКІР**

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесі шеңберінде дайындалған «Қазақстандық жоғары оқу орындарының жаңа білім беру жағдайларына бейімделуі: сын-қатерлер мен перспективалар» тақырыптық талдауы қарастырылды. Талдау жоғары білімнің қазіргі жай-күйін бағалауға, табысты тәжірибелер мен проблемалық аспектілерді анықтауға, сондай-ақ қазіргі білім беру өзгерістері жағдайында жоғары оқу орындарын одан әрі дамыту перспективаларын айқындауға бағытталған.

Қазақстанда мамандар даярлау сапасын арттыру мақсатында соңғы жылдары жоғары білім беру жүйесінде бірқатар маңызды реформалар жүргізілді. Академиялық еркіндік пен білім беру ұйымдарының дербестігінің кеңеюі, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының қабылдануы жоғары оқу орындарының қызметіне елеулі ықпал етті.

Тақырыптық талдаудың мақсаты – жоғары оқу орындарының білім беру ортасының қазіргі талаптарына бейімделуіне ықпал ететін негізгі үрдістер мен факторларды зерделеу, сондай-ақ 2022–2023 жылдары 14 жоғары оқу орнын институционалдық аккредиттеу нәтижелері бойынша анықталған табысты және проблемалық тәжірибелерді талдау.

Жұмыста білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, оларды жаңарту мен мониторингтеу, жұмыс берушілер мен білім алушылардың оларды жетілдіруге қатысуы, инновациялық, бірлескен және қос дипломды бағдарламаларды енгізу, ағылшын тілінде және дуальды оқытуды дамыту, сондай-ақ Minor бағдарламаларын іске асыру мәселелері қарастырылған.

Талдау бірқатар жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын жаңғырту және оларды еңбек нарығының қажеттіліктеріне бейімдеу бойынша оң тәжірибенің бар екенін көрсетті. Сонымен қатар, мүдделі тараптардың білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мазмұнды емес, формалды түрде қатысуына, интернационалдандырудың жекелеген бағыттары мен тәжірибеге бағдарланған оқытудың жеткіліксіз дамуына байланысты бірқатар проблемалар анықталды.

Бейресми білім беру нәтижелерін тану мәселелеріне ерекше назар аударылған. Қазақстандық жоғары оқу орындарының онлайн-курстар, қосымша білім беру бағдарламалары мен сертификаттау бағдарламалары нәтижелерін есепке алу тетіктерін біртіндеп енгізіп жатқаны атап өтілген. Алайда бейресми білім беру нәтижелерін тану тәжірибесі әлі де біркелкі емес және нормативтік тетіктерді одан әрі жетілдіруді, сондай-ақ білім алушылардың қолда бар мүмкіндіктер туралы хабардарлығын арттыруды талап етеді.

Талдаудың маңызды қорытындыларының бірі – силлабустардың мазмұнын, ең алдымен оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін жетілдіру қажеттілігі. Бірқатар жоғары оқу орындарында бағалау рәсімдерінің ашықтығы мен егжей-тегжейлілігі жеткіліксіз екені байқалады, бұл күтілетін оқыту нәтижелері мен оқытылатын пәндердің ерекшеліктерін неғұрлым нақты көрсетуді талап етеді.

Талдау жоғары оқу орындарының білім алушылар контингентін қалыптастырудың түрлі тетіктерін белсенді қолданатынын да көрсетті. Олардың қатарында кәсіптік бағдар беру жұмысы, қабылдау науқанын сүйемелдеуге арналған цифрлық сервистер, жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі, сондай-ақ кадрларды мақсатты даярлау шеңберінде жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл бар. Сонымен бірге өңірлік және әлеуметтік-экономикалық факторлардың қабылдау көрсеткіштері мен білім алушылар контингентінің сапасына, әсіресе өңірлік жоғары оқу орындарында, елеулі ықпал ететіні атап өтілген.

Талдау одан әрі жетілдіруді қажет ететін проблемалық аспектілерді анықтап қана қоймай, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде болып жатқан елеулі оң өзгерістерді де көрсететінін атап өткен жөн. Күшті жақтарға мемлекет жүргізіп отырған білім беру реформаларының нәтижелері, академиялық еркіндік пен жоғары оқу орындарының дербестігінің кеңеюі, университеттердің білім беру қызметін жаңғырту үшін берілген мүмкіндіктерді белсенді пайдалануы, инновациялық және бірлескен білім беру бағдарламаларының дамуы, кәсіптік бағдар беру жұмысының күшеюі, сондай-ақ білім беру үдерісін сүйемелдеуге арналған цифрлық құралдардың енгізілуі жатады. Бейресми білім беру нәтижелерін тану тетіктерінің біртіндеп қалыптасуы да оң үрдіс болып табылады, бұл үздіксіз білім алу қағидаттарын дамытуға және білім алушылардың білім беру траекторияларын дараландыруға ықпал етеді.

Мажитова С.К.,
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,
«Маркетинг және логистика» кафедрасының меңгерушісі,
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

